


МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

Нұсқау: Сізге берілген төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тапсырмалар беріледі.


1. Жеміс кептірілгеннен кейін өз салмағының 82%-ін жояды. 18 кг кепкен жеміс алу үшін қажетті кептірілмеген жеміс салмағын анықтаңыз
A) 82 кг
B) 100 кг
C) 18 кг
D) 18,2 кг
2. 1457^{41} саны қандай цифрмен аяқталатынын табыңыз
A) 1
B) 9
C) 7
D) 3
3. Шағын аудан дүкендеріндегі 250 гр ыдыстағы «Ақмол» қаймағының құны (теңгеде) келесі берілгендер қатарынан тұрады:
185; 195; 190; 200; 210; 195; 205. Осы берілген қатардың модасын табыңыз
A) 210
B) 25
C) 185
D) 195

4. Берілген диаграммада 11 сынып оқушыларының қаңтар, ақпан айларындағы байқау сынағынан алған ұпай сандары көрсетілген. Диаграмма бойынша оқушылардың көрсеткіші қанша пайызға артқанын анықтаңыз




- A) 20%
B) 10%
C) 25%
D) 30%
5. 4-ке бөлгенде қалдығы 1-ге тең болатын натурал сандар тізбегінің жалпы мүшелерінің формуласын жазыңыз
- A) $4n+1$
B) $4n$
C) $5n+1$
D) $4n-1$

6. Суреттегі тікбұрышты параллелепипед пішіндес қойманың ішіне өлшемдері 20 см, 30 см және 90 см болатын (тікбұрышты параллелепипед пішіндес) неше жәшік орналастыруға болатынын анықтаңыз.




- A) 1800
 B) 1000
 C) 2400
 D) 2000
7. Бірдей 8 шаршыдан құралған фигураның периметрін анықтаңыз



- A) 66 см
 B) 72 см
 C) 54 см
 D) 60 см
8. Лоикалық амал $a \otimes b = a^b - 1$ заңдылығымен анықталатын болса, онда $2 \otimes 5$ есептеңіз
- A) 12
 B) 9
 C) 31
 D) 15

9. Қазақстанда 2006 жылы ауылшаруашылық өнімдері 979,75 млрд тг, 2007 жылы 1067,9275 млрд тг болды. Ауылшаруашылық өнімдерінің өсу пайызын табыңыз
- A) 7 %
 - B) 6 %
 - C) 9 %
 - D) 10 %
10. Жеті оқушыдан екі кезекшіні таңдап алудың неше тәсілі бар
- A) 31
 - B) 21
 - C) 41
 - D) 11
11. Жылына 30 % өсіп отыратын жинақ қассасына салынған 200 мың теңге 4 жылдан кейін қанша теңге болатынын табыңыз
- A) 671,22 мың теңге
 - B) 600 мың теңге
 - C) 471,22 мың теңге
 - D) 571,22 мың теңге

12. Геометрия сабағында оқытушы оқушыларға төмендегі өлшем бойынша $ABCD$ – теңбүйірлі трапециясын жасатты әрі $\angle ADC + \angle ABC - \angle ADE - \angle DAB$ өрнегінің градусстық шамаласын табуды тапсырды. Дұрыс жауапты таңдаңыз




- A) 90°
B) 150°
C) 110°
D) 100°
13. Әсем тақтаға қандай да бір заңдылықпен сандар қатарын құрып, алғашқы 6 мүшесін жазды. Сандар қатарының келесі үш мүшесін табыңыз
13; 17; 25; 32; 37; 47;
A) 58; 71; 79
B) 36; 47; 53
C) 36; 58; 79
D) 58; 73; 79
14. Арақашықтығы 20 км екі елді мекеннен бір - бірінен қарама - қарсы бағытта екі велосипедші шықты. Бірінші велосипедшінің жылдамдығы 15 км/сағ, ал екінші велосипедшінің жылдамдығы 10 км/сағ . Велосипедшілердің 5 сағаттан кейінгі арақашықтығын табыңыз



- A) 125 км
B) 155 км
C) 145 км
D) 135 км

15. Радиусы 1 м болатын дөңгелек ұзындығы 10 м жолмен домалады. Дөңгелек толық неше айналым жасайтынын анықтаңыз ($\pi \approx 3,14$)



- A) 3
- B) 4
- C) 2
- D) 1